

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған  
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 4 20 22 ЖЫЛҒЫ "23" 12

Төрайым: Смаилова Саягуль Канатовна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 32 (тізім қоса тігіледі)

**Күн тәртібі**

1. Бірінші жартыжылдық жұмысының қорытындысы, екінші жартыжылдық міндеттерін белгілеу.
2. «Қалыптастырушы бағалауды жүргізуде қолданылатын әдіс-тәсілдер» іс – тәжірибемен бөлісу шеберлік сынып.
3. Дарынды және талантты балалармен жұмыстың ұйымдастырылуы
4. «Рефлексия – білім сапасының негізі»
5. Тарих және биология, қазақ тілі пәндерінің жүргізілу сапасы
6. Аудандық олимпиада нәтижесі
7. Үй тапсырмасын орындау, тексеру, талаптарға сай берілу бойынша қорытынды
8. Мектеп құжаттарының жүргізілу барысы

**Отырыс барысы**

**Тындалды:**

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Смаилова С.Қ. 2022 жылдың 29 қарашасында өткен №3 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №3 ӘК отырысының шешіміне сәйкес сабаққа қатысу барысында сабақта қолданылатын әдіс – тәсілдер, оқушыларды бағалау барысы қадағаланды. Оқуға құштар мектеп аясында 5-7 сынып оқушыларының көркем – әдеби шығармаларды оқуға машықтандыру мақсатымен «Бір сынып – бір кітап» акциясы ұйымдастырылды.

№4 отырыстың бірінші сұрағы бойынша Смаилова С.К. жартыжылдық жұмыстың есебін берді. Мектептің сыныптар, пәндер және мұғалімдер бойынша мониторингін шығарды. Дарынды оқушылармен жұмыс ретінде қатысқан байқаулар мен сайыстар бойынша нәтижелерге тоқталды. Бірінші жартыжылда өткізілген жұмыстар қорытындысы бойынша екінші жартыжылдыққа мақсаттар мен міндеттер ұсынылды. 1 жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 2 жартыжылдықта мұғалімдердің сабақтарына қатысу жоспары бекітілді.

**Сөз сөйлегендер:**

1. Назарбекова С.А. –1 тоқсан мен 2 тоқсанды салыстырғанда білім сапасы кейбір сыныптар бойынша көтерілген, бірақ бірнеше

сыныптарда өзгеріс жоқ. Оқушыларға сапалы білім беру мен олардың оқуға деген ынтасын арттыру жұмыстарын жүргізу керек.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім:

1. Білім сапасын арттыру жұмыстарын жүргізу.
  2. Білім сапасын арттыруды қадағалау мақсатында білім сапасы төмен сыныптардың сабақтарын бақылау.
  3. Екінші жартыжылдыққа қойылға мақсаттар мен міндеттерді орындау;
- Екінші сұрақ бойынша бастауыш сынып мұғалімі М.Т.Дуйсенбаев «Қалыптастырушы бағалауды жүргізуде қолданылатын әдіс-тәсілдер» іс – тәжірибемен бөлісу шеберлік сыныбын өткізді. М.Т.Дуйсенбаев «Қалыптастырушы бағалауды қолданудың тиімділігі бастауыш сынып мұғалімдерін арналған «Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіреді, себебі бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін бақылауы болып табылады. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты: оқушылардың оқуын жақсарту. Оқушы үшін өзінің білімі қай деңгейде екенін біледі, ал мұғалім үшін қай бағытта жұмыс істеу керектігін түсінеді. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы, мұғалімнің бағалауы, ұсыныс жасауға үйретуі, топтық бағалау, жазбаша кері байланыс, ишара арқылы бағалау оқыту үшін бағалаудың ажырамас бөлігі. Қалыптастырушы бағалау әртүрлі формада іске асады (ауызша сұрау, жазбаша, практикалық жұмыстар, мадақтау, көтермелеу, т.б.) және жиынтық бағалауға дейін мұғалімге де, оқушыға да оқу барысында кеткен кемшіліктерін түзетуге, қайта қарауға мүмкіндік береді» деп атап өтті.

### **Сөз сөйлегендер:**

Хуат А. – Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау сабақта немесе үйде күнделікті жұмыс үрдісінде білімі мен дағдысының ағымдағы дәрежесін анықтау, оқу үрдісінде оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты жандандыру. Ол оқушыларға білім алудың мақсаты мен міндеттеріне қаншалықты жеткені, жаңа тақырып меңгеру кезінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап жатқаны туралы түсінік береді.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім:

1. Оқушылардың жұмысын уақытылы бағалау;
  2. Оқушылардың бір – бірін бағалауын ұйымдастыру;
- №3 сұрақ бойынша Смаилова С.К. мектептің дарынды оқушыларымен жұмысқа тоқталды. Оқушылардың мектепішілік, аудандық іс- шараларға қатысуы қадағалануда. Дарынды оқушылар мектептің «Абай клубы», «Дебат клубы» мүше болуда. Бастауыш сыныптарда «Абай оқулары» өткізіліп, үздіктері «Абай клубына» мүшелікке алынды.

### **Сөз сөйлегендер:**

Кункенов С.С. – дарынды оқушылармен жұмысты сабақ барысында деңгейлік тапсырмалар беру арқылы жүргіземін. Мектепішілік және аудандық олимпиадаға қатысу жоспарлануда.



## **Қаулы етеді:**

### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспар бойынша іс- шараларды өткізуді жалғастыру.
2. Сайыстар мен байқауларға қатысу қамтамасыз етілсін.

№4 сұрақ бойынша Н.Б.Мухитова «Рефлексия – білім сапасының негізі» тақырыбын қозғады. Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі. Иә, бұл қасиет бойымызда бұрыннан да бар. Күнде кешкілік бүгінгі ісімізді, айтқан сөздерімізді ойға шолып, есеп беріп, ертеңімізге жоспар құрып аламыз. Ұлы Абай да 15-қара сөзінде: "Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмасында жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен өзің есеп ал!" - дейді. Демек, "рефлексия" деп ат қойып, айдар тақпағанымыз болмаса, бұл әрекет қанымызда бар. Бірақ соны қағазға түсіру немесе жүйелі күнделікті түрлендіріп осы атпен сабақта қолдану болмағаны ақиқат. Осы бағдарлама аясында дайын білімді оқып не түсіндіргеннен гөрі оқушы өзі қорытынды жасауға ықпал ету және кері байланыс есебінде түрлі әдіспен рефлексия жасату қажеттілігі тиімді екеніне көз жеткіздім. Осы тұрғыда жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, қоршаған ортаны қорғауға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу – ұстаздардың басты міндеті болмақ. Ол үшін әрбір ұстаз үнемі шеберлігін арттырып отырмаса, оқушы деңгейінің дамуы төмендейді. Осының бәрі бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет.

Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Рефлексиялық қабілеті дамыған ұстаз өз оқушыларында осы сапаны дамытуды, дарытуды ешқашан есінен шығармайды.

№5 сұрақ бойынша С.Смаилова қараша айында жүргізілген тарих және биология пәндерінің жүргізілуін бақылауының қорытындысын талдады. Бақылаудың мақсаты: Оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабақ жүргізуді бақылау болды. Сабаққа қатысқан мұғалімдермен әр сабақ сайын талдау жүргізілді. Сабаққа қатысу нәтижесі бойынша ұсыныстар берілді. Сабақта қолданылатын әдіс – тәсілдер бойынша оқыту семинарын өткізуді жалғастырылатыны туралы айтылды.

## **Сөз сөйлегендер:**

Дүйсенбаева Л. – Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру жұмыстарын жүргізу әсіресе 7,8 сыныптарда жүргізілу білім сапасын арттыруға көмек береді.

## **Қаулы етеді:**

### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. Қалыптастырушы бағалауға арнайы тапсырмалар берілуі қажет.

№6 сұрақ бойынша С.Смаилова аудандық олимпиада нәтижесіне тоқталды. Қараша айында 5,6, 9-11 сыныптар арасында, желтоқсан айында 7,8 сыныптар арасында мектепішілік пәндер олимпиадасы өткізілген болатын. Ауа райының қолайсыздығына байланысты 9-11 сыныптардың пәндік олимпиадасының аудандық кезеңі қаңтар айында өткізілетін болды. 5,6 сыныптардың аудандық олимпиадасы қорытындысы бойынша Тұрғын Ақбота қазақ тілі пәнінен -3 орынға, Валтер Ильдар орыс тілі пәнінен – 1 орынға ие болды. Валтер Ильдар сондай – ақ облыстық олимпиадаға қатысып 2 орынға ие болды. Дарынды оқушыларды қолдау мақсатында қосымша жұмыстар жүргізу керек.

**Сөз сөйлегендер:**

Хужин А.Н. – Оқушының пәнге деген қызығушылығын дұрыс жағынан қолданып, оларға бағыт – бағдар беріп, қолдау көрсету керек. Сабак барысында дарынды оқушыларға күрделі деңгейдегі тапсырмаларды беру жұмыстың бір түрі деп санаймын.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Дарынды оқушылармен жұмысты жалғастыру;
2. 7,8 және 9-11 сыныптардың аудандық олимпиадасына дайындықты күшейту;

№7 сұрақ бойынша С.Смаилова Үй тапсырмасын орындау, тексеру, талаптарға сай берілу бойынша қорытындысына тоқталды. Үй тапсырмасының берілуін электронды журналдан бақыланды. Үй тапсырмаларының уақытылы берілуі, оларды орындауға берілетін сағаты нақты көрсетілуі керек. Бірақ кейбір мұғалімдер тапсырманы орындау уақытын белгілемейді. Және де 5-9 сынып оқушыларының үй тапсырмасын орындауын бақылау мақсатында пәндік дәптерлер бақыланды. 5,6 сыныптардың математика пәні бойынша дәптерлері тексерілді. 5,6 сыныптарындағы барлық оқушылар үй тапсырмаларын уақытылы орындайтыны және мұғалімнің үй тапсырмаларды уақытылы тексеретіні анықталды. 7 сыныптардың физика пәні бойынша дәптерлері тексерілді. Тексеру барысында үй тапсырманы кейбір оқушылар ғана орындайтыны анықталды. Көп оқушылар үй тапсырмаларын орындамайды. 8,9 сыныптардың ағылшын тілі пәндері бойынша дәптерлері тексерілді. Үй тапсырмаларының орындалуы берілген тапсырмаға байланысты болады.

**Сөз сөйлегендер:**

Мухитова Н.Б. – Дәптерге орындауды талап етілетін тапсырмаларды оқушылардың барлығы орындай бермейді. Үлгерімі төмен оқушылар тапсырмаларды мүлдем орындамайды. Оқушыларға үй тапсырмасын берген кезде орындалу жолын міндетті түрде түсіндіру.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Үй тапсырмаларының көлемі мен қиындығына назар аудару;
2. Үй тапсырмаларын уақытылы тексеру.



№8 сұрақ бойынша С.Смаилова мектеп құжаттарының жүргізілу барысы бойынша есеп берді. 1-11 сынып оқушыларының жеке іс – қағаздары тексерілді. Оның ішінде 1 және 2 тоқсан барысында жаңадан қабылданған оқушылардың іс- қағаздарына аса көңіл бөлінді. Жаңадан қабылданған оқушылардың жеке іс- қағаздары толық жинақталған. Жеке іс-қағаздарының бастапқы парағы 6.04.2020 жылғы №130 бұйрық (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы өзгертілген) негізінде жасалған. мектептен кеткен және келген оқушыларды есепке алу кітабы 2022 жылы басталған. 2022 жылдың басынан бастап 1,2 тоқсанда келген және кеткен оқушылар осы кітапқа тіркелген. Әр келген және кеткен оқушылары жеке бұйрық шығарылған, және бұйрық нөмірі аталған кітапта тіркелген. Мектепке жаңадан келген және кеткен оқушыларды іс – жүргізушімен аталған кітаптарға тіркеледі.

**Сөз сөйлегендер:**

Назарбекова С.А. – Мектептің барлық құжаттары 6.04.2020 жылғы №130 бұйрық (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы өзгертілген) негізінде жүргізілу керек.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп құжаттарын талаптарға сай жүргізілуін жалғастыру.

ӘК төрайымы:

Хатшы:



Смаилова С.К.

Табиғатқызы Т.

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ-педагогикалық қызметкерлер тізімі**

№	Аты – жөні	Қызметі
1	Назарбекова Сауле Ануарбековна	Мектеп директоры
2	Смаилова Саягуль Канатовна	Оқу ісі жөн. орынбасар
3	Серғазы Жадыра	Тәрбие ісі жөн.орынбасар
4	Шайкенова Н.Р	Мұғалім
5	Дүйсенбаева Лира	Мұғалім
6	Альмаганбетова Сания Жолдангаровна	Мұғалім
7	Акишев Куат Калдыбаевич	Мұғалім
8	Дукенбаева Нуржамал Ергалиевна	Мұғалім
9	Канафина Гульнур Жолдыбековна	Мұғалім
10	Асқар Ергали	Мұғалім
11	Ажыхан Есенжан	Мұғалім
12	Кокумбаев Канат Елюкенович	Мұғалім
13	Хужин Азамат Наилович	Мұғалім
14	Сайлаухан Батыржан	Мұғалім
15	Кункенов Сунқарбек Сламбекович	Мұғалім
16	Хауай Рысгуль	Мұғалім
17	Кункенова Майкен Назымбековна	Мұғалім
18	Хожабай Балжан	Мұғалім
19	Дүйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	Мұғалім
20	Кункенова Гульмира Абайевна	Мұғалім
21	Байғабыл Тилеубек	Мұғалім
22	Кабдышева Айнұр Канатовна	Мұғалім
23	Умурзакова Гульдана Кайратовна	Мұғалім
24	Табиғатқызы Толқын	Мұғалім
25	Естай Айкумис	Мұғалім
26	Алеш Айгуль	Мұғалім
27	Жагипарова С.Т.	Мұғалім
28	Асылбек А.	Мұғалім
29	Мухитова Н.Б.	Мұғалім
30	Хуат А.	Мұғалім
31	Ракыш Б.	Мұғалім
32	Шамшитова Шамшия Асылхановна	Тәлімгер